

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 02 - 06 желтоқсан 2024-2025 оқу жылы

«Бір ұтас тәрбие» Бірлік және ынтымақ ай «Апта дәйексөздері»- «Бірлігі күшті ел озады»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.	Сейсенбі 03.12	Сәрсенбі 04.12	Бейсенбі 05.12	Жұма 06.12
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	<p>Тақпақ жаттау. Мен анамнан қалмаймын! Онсыз ешқайда бармаймын! Айтындаршы, менсіз Жарты күн өмір мүмкін бе? Анаммен бірге ас үйде де, Істерге бірге барамыз. Екеуміз мультикті бірге көреміз, Алмұртты бөліп жейміз.</p>	<p>Психогимнастика «Бүгін өзінді қалай сезінесің?» Балаларға әртүрлі көңіл-күй реңктері бейнеленген карта ұсынылады. Балалар оның көңіл-күйіне, досының, анасының, мысықтың және т. б. көңіл-күйіне ұқсас біреуін таңдайды</p>	<p>Саусақ гимнастикасы Фигураларды орындау Мақсаты: ұсақ моториканы дамыту. «Үйшік» Құбыр және шатыры бар үй тұр, Мен балконға серуенуге шықтым. «Көзілдірік» Әжей көзілдірік киді Немересін көрді. «Орындық» Аяғы, арқасы және орындық – Міне, таңқаларлық орындық</p>	<p>Психогимнастика «Жақсы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.</p>	<p>Саусақ гимнастикасы Біз базарға бардық. Алмұрт пен құрма көп. Лимон, апельсин бар. Қауын, кара өрік, мандарин. Біз қарбыз сатып алдық. Бұл ең дәмді жүк. (Өленнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.)</p>
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» «Сақинаны лақтыр» Мақсаты : Балалардың қол	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: балаларды ойынның	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеністікті	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды

үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)


Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.
Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ аланның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ - торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.



бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.



шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.
Шарты: “Күн” мен “Түн” деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталаынады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.
Ереже:
1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.
3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.



бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту

Қажетті заттар:
Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ынғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту.
Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.


					
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҮІӘ)	«Менің Қазақстаным» ҚР гимні Әнгіме «Адам қандай болуы керек?» Мақсаты: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, аламгершілік, адалдық)	«Адам неге сенуі керек?» ойыны (Доппен шеңберде) Мақсаты: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі	«Мен кімін?» Мақсаты: туыстық байланыстарды білу (кім кімге керек): Мен анамын, ал сен маған кімсің? Кімнің үлкен, кімнің кіші екенін атай білу	«Өз қорқыныштары туралы айт» жаттығуы Мақсаты: балалардағы нақты қорқыныштарды анықтау; өз қорқыныштары туралы ашық айту қабілетін дамыту	Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы Мақсаты: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту
Кестеге сәйкес ҮІӘ	I - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Алғашқы қар Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.</p> <p>Қазір біз "Алғашқы қар" өлеңімен танысамыз О. керемет, керемет! \ Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбендеп, Қонып жатыр жерге кеп. Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатан, ұян, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г т.б.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету</p> <p>«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «к.ү.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.», - «а.с.ы.қ.», - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».</p> <p>Дыбыстық талдау жаса. «Май», «сүт» сөздеріне дыбыстық талдау жасайық. Балалар орындарында жұмыс дәптерде өз беттерінше жұмыс жасайды. Педагог көмек керек</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>«Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Радио, раушан, рас, рет, резенке, рен. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады. Ойын соңында фишқаларды санап, жеңімпазды анықтайды. Жұмыс дәптерімен жұмыс I.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасау</p> <p>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш...тар, бақта...шы, береке...лі, күлкі...лі т.б. Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады. Педагог төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайтындарын хабарлайды. «Қант» сөзінің дыбыстық талдауы. Суретті сызбаны</p>	<p>Көркем әдебиет Жантөре мен аққоян Міндеті: - Әнгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Сөздік қорын байыту. Қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу</p> <p>Педагог жұмбақ жасырады. Өзі ақ, Өзі қорқақ. Ол не? (Қоян) – Балалар, қыс мезгілінде қоянның түсі қардың түсі сияқты ақ болады. Бүгін біз осы ақ қоян туралы Бағдат Мәжітовтың «Жантөре мен ақ қоян» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: қап, бәлем – бір нәрсеге қатты өкінгенде айтылатын сөз Сұрақ-жауап: – Әнгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді? – Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты? – Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не</p>

		<p>жасайды. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Суретті дыбыстық сызбаларды тактаға іліп, балаларды тактада жұмыс жасауға шақырады. Балалар жұмыстарын тактамен тексереді, түзетеді. Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты анық айтуға тапсырма беріледі. «Май» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. «Сүт» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.</p>	<p>Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Дыбыстық талдау жаса. «Түн» сөзінің дыбыстық талдауы. Педагог «түн» сөзінің сызбасын тактаға іледі. Балаларға өз орындарында дәптерлеріне дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог балалармен бірге жасайды «Түн» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.</p>	<p>талдауы. Суретті сызбаны тактаға іледі. Педагог сөздегі әр дыбысты анық айтады, ал балалар қайталайды. Дыбысты айтып, олардың дауысты және дауыссыз екенін анықтайды. «Кант» сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар.</p>	<p>қоянды көргенде Жантөре не деді? – Қоянды не үшін жібере салды? Тіл ұстарту жаттығуы: Ян-ян – балалардан қашты қоян. Ян-ян-ян – жүгіріп жүр ақ қоян.</p>
--	--	---	---	--	---


«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

Табиғат. Су. Суды үнемдеу жолдары.
 Су – жер бетіндегі таңғажайып жаратылыс. Сусыз өмірімізді елестетудің өзі қорқынышты. Су - тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ететін ағза кездеспейді. Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді. Су табиғаттағы ең көп тараған зат. Жер бетінің үштен екі бөлігін су қабаты алып жатыр.
 .Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:
 - қажетсіз суды босқа ағызбау;
 - ыдысты жабық рақвинала жуу;
 - кір жуған кезде кір жуғыш машинаны толық толтыру;
 - ыдысты қолмен жуған кезде ыдыс жууға арналған құралды аз қолданғанымыз жөн. Осылайша таза суға салғанда су аз кетеді. Жуылған табактарды шүмектің астында жинағаннан кейін таза сумен шайған суды үнемдейді.
 Тұрмыста қолданылатын қарапайым үнемдеу әдістері арқылы судың қорғалуына көмектесуге болады. Суды қорғау өмірді қорғау деген сөз. Суды үнемдеуді өзімізден бастайық!

СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Мен кезекшімін</p> <p>Міндеті: Балаларды шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу</p> <p>Балалар отбасында үлкендерге қалай көмектесетіндерін әңгімелейді. – Балабақшала қалай еңбектенесіңдер? – Топта кезекші боламыз, серуенге шыққанда аулада еңбектенеміз. – Жарайсындар, балалар, кезекші міндеттерін тағы бір қайталау үшін, бүгін біз «Ол не?» ойынын ойнаймыз – Балалар, барлық затты дұрыс сипаттадыңдар, дұрыс жауабы айтылды, енді осы заттарды не үшін жұмбақтап шештік? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Бұл заттар арқылы біз бүгінгі әңгіmemіздің тақырыбы топтағы кезекшілік екенін хабарладық. Қасық – асханадағы кезекшілік. Кітап – ұйымдастырылған іс-әрекетке кезекшілік. Өсімдік – табиғат бұрышындағы кезекшілік. – Асханадағы кезекшілік міндеттеріне не кіреді? – Күтуші апайға дастарқан әзірлеуге көмектесу, ыдыстарды қою, тамактанып болған соң, босаған ыдыстарды тасып, орнына қою. – Міндетімізді неден бастаймыз? – Қолды жуып, алжапқыш пен бас</p>	<p>Математика негіздері Шар.Текше. Цилиндр</p> <p>Міндеті: Геометриялық денелер – текше, шар, цилиндрді тануға және атауға үйрету</p> <p>Ойындық жағдаят. балаларды «Сикырлар фигуралар» еліне саяхаттауға шақырады. Бұл елде барлығы фигуралардан тұрады. Фигураларды қарап шығуды және олардың атауымен танысуды ұсынады. Педагог текшені, шарды, цилиндрді көрсетеді, жалпылама түсінік береді: «Текше, шар, цилиндр бұл – геометриялық денелер». Балалар фигура атауларын қайталайды және геометриялық денелердің суреттерін немесе үлгілерін көрсетеді.</p>  <p>«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны. Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді (№22 парак) қарап шығуды ұсынады. – Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.) – Цилиндр неге ұқсайды? (Стакан, саптаяқ.) – Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.) Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Фигураларды ата. Осындай пішіндегі заттармен сызып қос.</p>	<p>Математика негіздері Шар.Текше. Цилиндр</p> <p>Міндеті: Геометриялық денелер – текше, шар, цилиндрді тануға және атауға үйрету</p> <p>Ойындық жағдаят. «Фигураны көрсет, атауын айт» ойынын ойнауға шақырады. Педагог фигураларды үш сөреге орналастырады (жалпақ және көлемді). Содан кейін ол сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан фигурасы бар карточканы көтеруді сұрайды. «Екінші сөренің ортасында...», «Төменгі сөреде сол жақта...» және т.б. балалар карточканы көтергеннен кейін фигураның атауын дауыстап айтуы қажет. «Затты тап» ойынын ойнауды ұсынады. Балалар санамақ санау арқылы топқа бөлінеді. Педагог жиынтықтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, оларға қандай заттар ұқсас екенін сұрайды (пішіні бірдей). Топтарда тақырыптар талқыланады және аталады, әр дұрыс жауап үшін дөңгелекшелер алады. Көп дөңгелекше жинаған топ жеңеді.</p>	<p>Математика негіздері Жазық фигура және көлемді фигура</p> <p>Міндеті: Жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету</p> <p>Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Текше мен шаршыны қолына ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Шар мен дөңгелекті қолына ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Цилиндр мен дөңгелекті қолына ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Заттарды зерттейді. ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, сұрақтарға жауап береді. Балалар фигураларды қолдарымен ұстап зерттеп, жазық және көлемді фигураның айырмашылықтарын айтады. Балалар пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, қатырғықағаздан, фанерден жасалған жалпақ фигураларды тауып әкелуі қажет. – Олар қандай түске боялған?</p>	<p>Қоршаған орта Байланыс құралдары Міндеті: Байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Педагог жұмбақтар жасырады. Бар екен бір терезе жапай үйде Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде Кино болар терезеден күнде-күнде. Естіп алар бір құлақ алыс елде. Жазуы бар ақ парак канат қакты. Жеткізеді әлемдегі жаналықты. Жұмбақтың жауаптары: теледидар, телефон, газет. – Туыс, дос, таныстар бір-бірімен жиі кездеседі. Ал алыс бір-бірімен қалай хабарласады? – Олар қарым-қатынас жасау үшін байланыс құралдарын пайдаланады. –Дұрыс, мұндай құралдарға телеграф, телефон, пошта жатады. Байланыс құралдарына сонымен қатар электронды пошта, әртүрлі жедел хабаршылар жатады. Олардағы байланыс дүниежүзілік интернеттің көмегімен жүзеге асады. Байланыс құралдары – ақпаратты беру немесе алмасу арқылы адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз етуге арналған құрылғылар. Жазылған ақпаратты алыс қашықтыққа қалай жіберуге болады? – Балалар, алыс жерлерге хат-хабарды жеткізу үшін қазіргі уақытта жүгіру қажет пе? – Жоқ, қазір алыс жердегі адамдар бір-біріне хат жазады, телеграмма жібереді, телефонмен сөйлеседі. Пошта, теледидар, радио, телефон, интернет – байланыс құралдары. Теледидар, телефон,</p>
---	--	--	--	---

	<p>киім кию керек. Балалар кезекшілікке дайындалуға барады (колдарын жуады, алжапқыш, бас киім киісі). – Кезекшілер, өз міндеттеріне кірісіңдер. Педагог балалардың еңбек әрекетін бақылайды. Кезекшілер ас құралдарын қояды, педагог балалармен дастарқан басында өзін ұстау ережелері туралы әңгіме жүргізеді. 1. Тамақты асықпай, ұқыпты іш. 2. Тамақты талғамай іш, балабақша дағы ас мәзірінде нелер бар, соның бәрін тауысу қажет. 3. Дастарқан басында ойнама. 4. Қасық және шанышқыны дұрыс пайдаланып үйрен. 5. Күтушіге ыдыстарды жинауға көмектес. Педагог балалармен осы бағытта ұйымдастырылған іс-әрекеті, табиғат бұрышындағы кезекшілікті талдайды. (Оқу құралдарын қою, өсімдіктерге күтім жасау)</p>	<p>Балалар суреттерді қарайды, суреттерге сәйкес пішіндермен өзара байланыстырады. Айтып түсіндіреді: «Қарбыз шарға ұқсайды», «Бөшке цилиндрге ұқсайды» және т.б. 2-тапсырма. Суреттен текше, шар, цилиндрге ұқсас заттарды тауып, оларды ата. Балалар суретті қарайды, заттарды атайды</p>			<p>газет байланыс құралдарына жаталы. Әлемнің алыс-жақын елдерінен жеткізілетін жаналық, хабарларды тарататын құралдар ақпарат құралдары деп аталады. Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Теледидар, радио, газет және интернет арқылы білеміз. Теледидар, радио, газет, интернет – ақпараттық құралдар. Педагог демонстрациялық материалдардан соңғы заман технологиясының жана жетілдірілген құралдарын көрсетеді (компьютер, смартфон-телефон, 3D теледидарлар, электронды рама, т.б. хат, пошта сәлемдемелері</p>
--	--	---	--	--	---

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Алатау» күйі

Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,




3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазак тілі Мен және менің достарым Міндеті: - Өз бетінше қарым-қатынас жасуда баулу</p> <p>Мынау не? – Бұл – балабақша. – Балалар қайда келді? – Балалар балабақшаға келді. – Балалар не істеп жүр? – Балабақша ауласында ойнап жүр. – Саған балабақшала көңілді ме? – Иә, балабақшала көңілді. Балабақшала балалар көп. Олар бір-бірімен дос. – Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сын. Ме-н-і-ң до-сым. Артем, сен кіммен ойнайсың? Артем, Арлан сенің досың ба? – Иә, Менің досым – Арлан. – Артем, Арлан – достар. – Достар қалай ойнайды? – Достар тату ойнайды</p>	<p>Қазак тілі Мен және менің достарым Міндеті Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Өзінің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. Менің атым – Наташа. Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле. Біз тату ойнаймыз. Менің атым – Артем. Мен бес жастамын. Менің достарымның аттары – Арлан, Рома. Біз достарымызбен татумыз. (Балалар қайталайды).</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Алғашқы қар Міндеті: Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p> <p>Педагог: 1. Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін – қорғау парыз. 2. Адамдардың табиғатсыз күні жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ</p> <p>Педагог балаларға сұрақтар қояды. Алғашқы қар. –Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? –Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады. –Өлеңде автор қарды неге теңейді? –Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? –Сендерге өлең ұнады ма? –Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекше әсер қалдырды? –Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. –Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады</p>	<p>Көркем әдебиет Қыс Міндеті: - Қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу</p> <p>Педагог слайдтан суреттер көрсетеді. – Мына суреттерден не көріп тұрсыңдар? – Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Қыста адамдар қалай киінеді? Қыс мезгілі ұнай ма? – Қар қандай? (Әдемі, кішкентай, нәзік, жеңіл, үлпілдек, суық, ақ) – Кейде қар өте қалың жауады. Қарды үйіп, сырғанақ жасаймыз. Шанамен сырғанаймыз. – Бүгін біз ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқып береді Сөздік жұмысы: ақпен бояған – айнала аппақ шебер – «әдемі етіп өрнектеген» деген мағынада Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? – Қыста дала қандай болады? Неліктен қысты қызық дейміз? – Неліктен қысты жақсы көресің?</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Менің сүйікті өртегім Міндеті: - Балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру</p> <p>- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішіні, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру</p> <p>Топтық жұмыстар</p>
--	--	---	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «ДАЛАДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР» (Ашық құдықтар, қаңырап қалған ғимараттар, сентиктер, құрылыс алаңдары, гараждар)
Максаты: балаларды көшедегі қауіпті орындарды білуге және жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өзін қалай дұрыс ұстау керектігін үйрету

Ашық құдықтар: Ашық құдыққа ешқашан жақындама, құлап кетіп, қатты жарақат алуың мүмкін. Егер ашық құдықты көрсен, ересек адамға айт немесе құтқару қызметіне қоңырау шал. **Қанырап қалған ғимараттар:** Қанырап қалған үйлерге немесе ғимараттарға кірме, олар өте қауіпті болуы мүмкін. Онда сынған еден, құлаған заттар немесе қауіпті жәндіктер, жануарлар болуы мүмкін. **Септиктер:** Септиктердің қақпақтарына жақындама, олар бекітілмеген болуы мүмкін. Егер ашық септикті байқасаң, ересек адамға айт. **Құрылыс алаңдары:** Ешқашан құрылыс алаңдарында ойнама, онда қауіпті заттар көп, жарақат алуың мүмкін. Әрқашан құрылыс алаңдарынан алыс жүр. **Гараждар:** Гараждардың жанында, әсіресе олар жабық болса және ішінде ешкім болмаса, ойнама. Гараждарда қауіпті құралдар немесе химиялық заттар болуы мүмкін. Балалармен көшедегі қауіпті орындардағы тәртіп ережелерін қайталау

Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=9T6SouQesjEBGSc <https://orken-institutv.kz/ru/telefonv-gorvachih-linij>



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Өз бетімізбен жаттығамыз Міндеті: - Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу</p> <p>«Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарың ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады</p>	<p>Музыка Біздің рәміздер Міндеті Қазақ халқының өндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу</p> <p>Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Жаса, Қазақстан» (ұнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.ә. (өңд. Б.</p>	<p>Дене шынықтыру Жан-жағына жылулық сыйла! Міндеті: Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допты еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарың ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады</p>	<p>Дене шынықтыру Мұздағы ойын Міндеті: Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу</p> <p>«Допты еденге соқ» - түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек задың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады.</p>	<p>Музыка Егеменді елім Міндеті: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру</p> <p>Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шанырақ» ойыны</p>
--	---	---	---	--	--

		Дәлденбай	Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, карама-карсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.	
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.			

<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*</p>	<p>Түстерді анықта? Мақсаты: Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру</p>	<p>«Танграмм» Мақсаты: балалардың берілген суреттерге сәйкес пішіндер арқылы құрастыру дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Дидактикалық ойын «Жеміс» Мақсаты: жемістердің атауын атауға үйрету.</p>	<p>«Екі дос» (өлең) Қалыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Бау байлап үйренеміз» Мақсаты: Балалардың қол моторикасын дамыту.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Өнегелі 15 минут</p>  <p>БАЛАҢЫЗДЫҢ ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТТЕРГЕ, САЙТТАРҒА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАРТЫЛҒАНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА ТЫРЫСЫҢЫЗ</p>  	<p>Өнегелі 15 минут</p>  <p>БАЛАҢЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚЫ КҮМӘНДАР ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ, ӨЗ АЛАНДАУШЫЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ АШЫҚ АЙТЫП, БАЛАҢЫЗДЫ ӨЗ ҚАУІПТЕРІҢІЗДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ ДИАЛОГ ЖҮРГІЗУГЕ ШАҚЫРЫҢЫЗ</p>  	<p>Өнегелі 15 минут</p> <p>ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ</p> <p>Бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның тұлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – балаңызды мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе оның шешім табуына қолдау көрсетіңіз</p>   	<p>Өнегелі 15 минут</p>  <p>«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ»</p> <p>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН АЛДЫН АЛУ АЖАТ МАСКЕЛЕСІН БІР-БІРАЛАҢЫҢЫЗДЫҢ БІЛІМДІК ДЕРІЗЕСІН ҚОРҒАУ</p> <p>ҚАУІПТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ЖАНА БАҚАУАТЫ ҚОРҒАНЫСЫ ҒАНА БАҚАУАТЫ СҮЛЕТІН ҚОРҒАУАТЫ. ✓ АЗМА ДИАЛОГ. Балаларымен өзара байланыста болу. ✓ БАҚАУАТ. Балаларға не істері, қандай жағдайда оларға не істеу керек. <p>БІЗ КЕЛЕСІ ҚАЗАҚТЫ ҚОРҒАУАТЫҢЫЗ</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қорғаныс қабілетін арттыру • Ақпараттық сауаттылықты арттыру • Қорғаныс қабілетін арттыру • Ақпараттық сауаттылықты арттыру  	<p>БУЛЛИНГ ПЕН КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ</p> <p>Буллинг – бұл қандай да бір адамға немесе топқа қарсы қандай да бір мақсатпен қайталанатын зиянды әрекеттерді білдіреді.</p> <p>Кибербуллинг – интернеттегі зиянды әрекеттерді білдіреді. Оның мақсаты – баланың жеке өміріне қарсы қандай да бір мақсатпен қайталанатын зиянды әрекеттерді білдіреді.</p> <p>Буллинг пен кибербуллингке қарсы тұру үшін қандай шаралар қабылдауға тиіс екенін білу керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Буллингінен қорғану үшін қандай шаралар қабылдауға тиіс екенін білу керек. - Буллингінен қорғану үшін қандай шаралар қабылдауға тиіс екенін білу керек. - Буллингінен қорғану үшін қандай шаралар қабылдауға тиіс екенін білу керек.  

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 09 – 13 желтоқсан 2024-2025 оқу жылы

«Бір тұтас тәрбие» Бірлік және ынтымақ айы

«Апта дәйексөздері» «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.12	Сейсенбі 10.12	Сәрсенбі 11.12	Бейсенбі 12.12	Жұма 13.12
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны Мақсаты: қимылды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	«Не жоғалды?» ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту	«Балалардың тәртібі қатан» ойыны Мақсаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	«Балалардың тәртібі қатан» ойыны Мақсаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол калпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	« Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы » Ойын: «Оюларды құрастыр» Мақсаты: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.	« Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы » Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала	« Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы » Көтермек Мақсаты: Балалардың ойын, күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің	« Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы » Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың	« Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы » Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш


	<p>Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу. оюларды құрастырып аттарын атау.</p> 	<p>орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.</p>	<p>арқасына көтеріп алуға тырысады</p>	<p>іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайталан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ынғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.</p> 	<p>көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҮІӘ)</p>	<p>Менің Қазақстаным ҚР гимні «Үннен жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу</p>	<p>«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру</p>	<p>Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету</p>	<p>«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ</p>	<p>Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӘ</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
<p>Сөйлеуді дамыту Менің Отаным Міндеті: Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру «Сөз жина, тез жина» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: «к.ү.н.», «т.ү.н.», «ә.т.е.ш.», «б.а.л.», «ж.е.л.і.м.», «б.а.қ.», «б.а.л.а.», «к.і.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «к.і.л.т.», «д.о.п.» – Сөзді кім бірінші құрап айтады, сол балаға жұлдызша үлестіріліп отырылады «Қой» сөзінде бір буын, үш дыбыс бар. Педагог «түйе» сөзінің сызбасын тақтаға іледі. «Түйе» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс</p>	<p>Сауат ашу негіздері Сөйлем Міндеті: Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету – Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. Өтеш, әткеншек – бұлар сөздер, сөйлем болу үшін бір аяқталған ойды білдіру қажет. Бір сөзден сөйлем құралмайды. Ендеше, осы сөздерден сөйлем құрап көрейік. – «Өтеш» сөзі үй құсының атын білдіріп тұр. Аяқталған ой жоқ. Онда «әтеш» сөзі сөйлем емес. – Өтеш әдемі екен. Бұл сөйлем бе? – Сөйлем. – Дұрыс айтасыңдар, сөйлем, өйткені аяқталған ойды білдіріп тұр. Өтештің әдемі екенін хабарлап айтып тұр. – Сөйлем үш сөзден құралып тұр. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұр. Яғни біз өз ойымызды сөйлемдер арқылы жеткізеді екенбіз. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарак, кітап, қоян т.б.).</p>	<p>Сауат ашу негіздері Сөйлем сызбасы Міндеті: Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету Сызбамен жұмыс Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Өр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады. Балалардан түсінгендерін сұрау. 1. Сөз неден жасалады? 2. Сөздің сызбасы немен белгіленеді? «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қуан – (түлкі). Үсті ине – (кірпі). Қол жұғышта ілуді – (сүлгі).</p>	<p>Көркем әдебиет Тәуелсіздігіміз мәңгілік Міндеті: Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету. Шешендік сөз өнеріне баулу. Тағулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстанның бас қаласы қалай аталады? – Астананың көрікті жерлерін ата. – Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның бас қаласы – Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Өткенді еске алып, батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің</p>	

			Балалар суретке байланысты 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.		«Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (сонындағы қосымшаны қараныз). Сөздік жұмысы: еркіндік – ешкімге тәуелді емес, еркін ел тенге – біздің ұлттық төл ақшамыз Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? Әңгіме не туралы? – Тәуелсіздік күні қандай мереке? – Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? – Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің?
--	--	--	---	--	--

«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу

Сюжетті-рөлді ойын:
Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар»
Мақсаты: Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту. Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.
Жағдаят: Объектіны таңдау, Картамен жұмыс, бак орнататын жерді таңдау
 Экологиялық паспорттарды қарау; Экологиялық жағдайларды зерттеу
 Айыппұл төлету; Экологиялық жағдаяттарды түзету жұмыстары; Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу, өсімдіктерді бейнелеу.



Табиғат – біздің ортақ ҮЙІМІЗ, сақтау оны МІНДЕТІМІЗ!


2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері Міндеті: Көлік түрлерімен	Математика негіздері Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең Міндеті: Таңертең, күндіз,	Математика негіздері Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең Міндеті: Тәуліктің бөліктерін	Математика негіздері Апта күндері Міндеті: Апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету. Саңдық	Қоршаған орта Балабақша мамандары Міндеті: Балалардың балабақша қызметкерлері
---	---	--	--	---

<p>таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру</p> <p>Неде нөмір болады? Неде дөңгелек болады? Қай затта жолды көрсететін шамы (фары) болады? – Мәшиненің. Интербелсенді тактадан слайдтар көрсетіледі. – Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшине. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшине қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Құтқарушылар көлігі, төтенше жағдайларға тап болған адамдарды апаттан құтқарады. («ЧС» мәшинесі). – «Арнайы көліктер» деп арнайы жабдықты қажет ететін, арнайы функцияларды орындауға арналған құралдары бар мәшинелерді атайды. Оларды адамдарға шұғыл көмек көрсету үшін қолданады. Арнайы көліктер – арнайы дабыл құрылғыларымен (сирена, арнайы құралдар) жабдықталған көліктер. Оған мыналар кіреді: полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем мәшинелері. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған.</p>	<p>кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру</p> <p>Балалардан тәулік мезгілдеріне Жұмбақ жасыру. Балалар жұмбақтардың жауабын айтады. Педагог таңертең, күндіз, кеш, түні тәуліктің бір бөлігі екенін айтып жалпы түсінік береді. Педагог балалардың таңертең, түстен кейін, кешке, түнде не істейтіні туралы әңгімелеседі 1-тапсырма. Тәулік бөліктерін ата. Балалар таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейді? Тәулік бөліктерін және осы уақытта балалардың орындайтын іс-әрекетін сызып қос. Балалар тәулік бөліктерін атайды, сызып қосады. Педагог балалардан не істейтінін баяндап беруін сұрайды: таңертең балалар тістерін тазалайды, жуынады. Күндіз балалар балабақшада ойнайды. Кешке анам ұйықтар алдында кітап оқиды. Түнде балалар ұйықтайды.</p>	<p>(таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау</p> <p>Үлестірме материалмен жұмыс (№18 парақ). Педагог «Тәулік бөліктері» карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша таңдап алуды ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Бұл қай мезгілде болады? Тәулік бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос. Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің осы мезгілінде не істейтінін, суреттерді таңдау арқылы айтып береді, сызып қосады. 2-тапсырма. Суреттен күндізгі, кешкі және түнгі мезгілдерді тап. Жұбымен сызып қос. Күндіз бен түнгі мезгілді боя. Педагог суретті қарап, суреттер арқылы таңертең, түстен кейін және кешке не болғанын рет-ретімен байланыстырып, сызуды ұсынады. Күндіз бен түн мезгілдерін бояйды</p>	<p>және реттік санау дағдыларын жетілдіру</p> <p>Апта күндері Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндітеп, Бейсенбіде би биледік әндітеп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта. – Өлең не туралы? Үлестірмелі материалмен жұмыс, (№ 11, №19 парақтар). Педагог балаларды үйшіктерде тұратын ағайынды гномдармен ойнауға шақырады. Олардың есімдері: Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі. Оларды санауды ұсынады. Гномдарды санайды (7). Олардың есімдерін хормен қайталаңдар. Педагог ағайындылар-аптаның күндері әрдайым реттік тәртіппен жүретінін айтады: бірінші күн – Дүйсенбі, екінші – Сейсенбі және т.б. Содан кейін педагог оларға реттік нөмірлер беруді сұрайды, олардың астына 1-7 цифрлары бар карточкаларды қояды. Балалар аптаның күндерін қайталап айтады. «Дұрыс атаймыз» ойын жаттығуы. Педагог 1-ден 7-ге дейінгі цифрларды көрсетеді. Балалар апта күндерін айтады. Кеше, бүгін, ертең ұғымдарымен танысу. Педагог: – Біз аптаның күндерін атауды үйрендік, аптаның күндері ретімен жүреді. Аптаның</p>	<p>туралы, олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту</p> <p>– Мамандық – адамның негізгі кәсібі, оның еңбек қызметі, табыс көзі. Кез келген ересек адамда мамандық болады. Педагог балалардың назарын интербелсенді тактаға аударып, балабақшаның суретін көрсетеді және бір мамандық иесі туралы әңгімені тыңдауды ұсынады. «Мен балаларды қанымдай жақсы көремін. Күнде балабақшаға келген кезде, бүлдіршіндер алдымнан шығып амандасқанда, жүрегім елжіреп сала береді. Олар қуанса, бірге қуанып, көңілдерін көтеру үшін, ойнатып, ән салдырып, әр баланың жан дүниесін ұғынуға тырысамын...» Әңгімеде кім туралы айтылған? – Тәрбиеші апай. – Біз қазір балабақшаға серуенге аттанамыз. Ол үшін зырылдауықты айналдырамыз, зырылдауық тілі қай санды көрсетеді, сол сан интербелсенді тактадан ашылады, біз серуенімізді жалғастырамыз. Ал топта кім жұмыс істейді? – Біздің топта тәрбиеші ... апай, тәрбиеші көмекшісі апай бар. «Күн тәртібін ретімен орналастыр» ойыны.</p>
--	---	---	--	---

				күндерін басқаша атауға болады: кеше өтіп кеткен күн, бүгін болып жатқан күн, ертең келе жатқан күн. Мысалы, бүгін аптаның сәрсенбі күні, кеше сейсенбі болды, ертең бейсенбі болады
--	--	--	--	--

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Кішкентай» күйі
Максаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Мамандықтың бәрі жақсы Міндеті: - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру</p> <p>Ойын: Кім не істейді? Үшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. – Сенін әкем кім болып істейді? Сенін анаң кім болып істейді? Балалар Менін есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. – Менін әкем құрылысшы болып істейді.</p>	<p>Қазақ тілі Мамандықтың бәрі жақсы Міндеті: Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту</p> <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-үш- үш-қыш – үшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ү-ү-құ-құ-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- га-ға-рыш-кер-ғарышкер Жаңылтпашпен таныстыру. Үшқыш менгергенді Дәрігер менгер ала ма? Дәрігер менгергенді Үшқыш менгер ала ма? Жаңылтпашты қатты және ақырын әрі жылдам</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Менің Отаным Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p> <p>Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>Көркем әдебиет Тәуелсіздік Міндеті: - Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу</p> <p>– Қазақстан Республикасының бас қаласын ата. – Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Гимні бар. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. –</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Қолғап Міндеті: - Қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу - Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кино, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану - Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және қолғап құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>
---	---	---	---	--

	– Менің анам дәрігер болып істейді.	айтқызу		Біз бүгін ақын Иран- Гайыптың «Тәуелсіздік» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп оқу Сөздік жұмысы: тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік Өлең мазмұны бойынша сұрақ- жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?	
--	-------------------------------------	---------	--	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»

Максаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.


<p>Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме: Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпітке ұқсаса дәлемін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау. Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонның тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау.</p>	<p>Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/topPwzQFQIE?si=3xsiXpAbNDcb8zRp https://orken-institutv.kz/ru/telefony-gorvachih-linij</p> 	
---	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Дене шынықтыру Спорт түрлері Міндеті: - Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2</p>	<p>Музыка Егеменді елім Міндеті: Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p>	<p>Дене шынықтыру Ойна, ойна, доптан айырылып қалма Міндеті: - Допты екі қолымен</p>	<p>Дене шынықтыру Менің достарымның ойыны Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі</p>	<p>Музыка Қысқы орманда Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты</p>
---	--	--	--	--

	метр) басынан асыра лақтыру «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі кимыл-козғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға карама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, карама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны	заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі кимыл-козғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға карама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, карама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет	қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.к.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, он қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады	және ақырын дауыспен ән айту Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский) Ән айту: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p>Серуен</p>	<p>Аспанды бакылау Максаты:табиғаттын әдемiлiгiн сезiнiп, «аспан» сөзiмен таныстыру, табиғатқа деген сүйiспеншiлiкке тәрбиелеу, тiлдерiн дамыту. Тәрбиешi балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсi ашық, көгiлдiр екендiгiн, онда ақ бұлттар, қалкиды. Олардың пішіндерi әр түрлi болады, бұлттарды жел қозғайды. Жұмбақ: Бір түктi кiлем Бір түксiз кiлем (жер, аспан) Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады. Такпак «Аспанда» Аспан бұлтқа толып кеттi. Бұлттар түлiк болып кеттi. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып Қозғалмалы ойын. «Ұшты-ұшты» Максаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректiкке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту. (Экология мәдениетi)</p>	<p>Желдi бакылау Максаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдiң соғуын, желдiң бағытын, жылдамдығын бакылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиешi балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бакылайды. Күндiз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бакылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бакылау. Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшалады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) Такпак: Жел тынымсыз гүлдеп Болып кеттi тым бұзық Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып. Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар» Еңбек: өсiмдiктердi, көшеттердi қармен жабу. Максаты: өсiмдiкке деген қамқорлыққа, еңбексүйгiштiкке тәрбиелеу (Экология мәдениетi)</p>	<p>Күндi бакылау Максаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсiмдiктер әлемi үшiн күннiң маңызы зор екендiгiн ұғындыру. Байқампаздық, бакылай білу қабiлеттерiн дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсiнiк беру. Жұмбақ: Жұрттың бәрi соны сүйедi, Бірақ оған қарағысы келмейдi. (Күн) Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық, жылы болады. Такпак: Шұғылалы күнiмiз Бакшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсiп бармыз. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлi-түстi автомобильдер» Еңбек: бұтақтардың түбiн тазарту (Экология мәдениетi)</p>	<p>Су бетiне қатқан мұзды бакылау Максаты: Судың әр түрлi қасиетiмен таныстыру, табиғатта болатын өзгешелiктердi бакылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздiк қорларын дамыту. Тәрбиешi балалардың назарын жердегi кiшкентай көлшiктерге аударады, бетiне жұқа мөлдiр мұз қатып қалған. Кейбiр көлшiктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киiмдерiнмен жарып көрiндер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөлiктерге бөлiнедi. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол ерiп кетедi. Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз) Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. Қозғалмалы ойын: «Түлкi мен қаздар» Максаты: ептiлiкке, шапшаңдыққа үйрету. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы». Еңбек: есiк алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстiне құм себу. (Экология мәдениетi)</p>	<p>Қарды бакылау Максаты: Қоршаған ортаның әсемдiгiн сезiне білуге үйрету; қардың қасиетiмен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бакылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлi пішінде бiреуi үлкен кесек болса, тағы бiрi орташа, кiшкентай яғни қаршықтар әртүрлi пішiндi екен. Қар бiзге терезеден жылтырап көрiнедi. Олардың әдемi пішiнiн тамашалаңдар. Жұмбақ: Жылт-жылт етедi. Ұстасақ ерiп кетедi. (қар) Болжам: көп қар- көп нан. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен аңшы». Еңбек: тәжiрiбе жасаған үстел үстiн жинастыру. (Экология мәдениетi)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың киiмдерiн ретiмен шешу өз-өздерiне қызмет ету</p>				

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Физикалық қасиеттер Ұстамдылықты, байқампаздықты дамыту: "Допты тап". Жүгіру жаттығуы: "Кім ұсталғанын тап". Алтай Асылым Қайратқызы</p>	<p>Қарым-қатынас дағдылары Ойындар мен жаттығулар арқылы сөздік пен грамматикалық сөйлеу жүйесін дамыту: "Қай? Қандай? Қайсысы?", "Еркелетіп ата" Көшербай Адия Нұрланқызы</p>	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар "Нұсқасы", "Гүл теру" Логикалық ойлауды дамыту. "Колумбиялық жұмыртқа" Басқатырғыштарды шешуге ынталандыру Қанат Бақдәулет Бақытжанұлы</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті "Қай жерде жылы?", "Қайсысы ауыр?" Эксперименттік қызметке қатысуға шақыру Өзденбай Балым Болатбекқызы</p>	<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар "Дос іздеу", "Кенгуру және оның төлі" ойындары арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту Лескен ШахмұхаммедМадиярұлы</p>
<p>Балалардың іс- әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелеудербес және басқалары)*</p>	<p>«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын Максаты: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету</p>	<p>«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны Максаты: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету</p>	<p>Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны Максаты: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу</p>	<p>«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын Максаты: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету</p>	<p>«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны Максаты: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Өнегелі 15 минут</p>  <p>БАЛАҢЫЗДЫҢ ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТТЕРГЕ, САЙТТАРҒА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАРТЫЛҒАНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА ТЫРЫСЫҢЫЗ</p>  	<p>Өнегелі 15 минут</p>  <p>БАЛАҢЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚЫ КҮМӘНДАР ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ, ӨЗ АЛАНДАУШЫЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ АШЫҚ АЙТЫП, БАЛАҢЫЗДЫ ӨЗ ҚАУІПТЕРІҢІЗДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ ДИАЛОГ ЖҮРГІЗУГЕ ШАҚЫРЫҢЫЗ</p>  	<p>Өнегелі 15 минут</p> <p>ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ</p>  <p>Бала үшін маңызды текіріптерді таңқалдытқызыңда кысым жасамауға, оның ұртасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – баланыңды мүлдем тыңдап, көзке көрсету немесе оның ішкісіне табуына қолдау көрсетіңіз</p>   	<p>Өнегелі 15 минут</p>  <p>«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БІРГЕЛІК КЕЛЕСІНЕ»</p>  	<p>Өнегелі 15 минут</p> 

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 16–20 желтоқсан 2024-2025 оқу жылы

«Бір тұтас тәрбие» Бірлік және ынтымақ айы

«Апта дәйексөздері»- «Бірлік болмай тірлік болмас»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.12	Сейсенбі 17.12	Сәрсенбі 18.12	Бейсенбі 19.12	Жұма 20.12
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.				
		«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Баланың қыңырлығымен қалай күресуге болатындығы туралы әңгімелесу	Баланың мінез-құлқындағы агрессияның алдын алу туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітапта рды қарау және басқалар)		<p style="text-align: center;">«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p style="text-align: center;">Арқан тартыс</p> <p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың елді, дәстүрлі, жады, құрғын, туған еліне, жеріне, ел отанына деген сүйсімділік сезімдерін арттыру.</p>  <p>Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кезде арқан керем. Ол арқанмен тегіс ұртасынан орамайлап орап белегі жасалған. Ойынға екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы үштен екіне белгіленеді. Ойынға қатынасқан балалардың саны 10-12 адам болуы мүмкін. Ойынға қатынасқан балалардың қарап қатар тұрып тұрады.</p>		<p style="text-align: center;">«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p style="text-align: center;">Түйілген орамал</p> <p>Мақсаты: Ойын ойнау барысында балалардың еркіндігіне, шығармашылығына дамуы.</p>  <p>Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кезде арқан керем. Ол арқанмен тегіс ұртасынан орамайлап орап белегі жасалған. Ойынға екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы үштен екіне белгіленеді. Ойынға қатынасқан балалардың саны 10-12 адам болуы мүмкін. Ойынға қатынасқан балалардың қарап қатар тұрып тұрады.</p>	


<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</p>		<p>Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Максаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру</p>	<p>Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом карау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Максаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету</p>	<p>«Кір-кожалак кыз» драма-ойын Максаты: ойын бейнелерінің кимыл мәнерлілігін дамыту</p>	<p>«Дені сау болу – бұл онай» сурет салу Максаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
		<p>Сауат ашу негіздері Сөйлем құрау Міндеті: Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу</p> <p>«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Балалар бакта жүгірді. Атам шалғымен шөп шапты. Анам сиыр сауды. Ағаштың түбі – қалың қар. Аю қыста ұйықтайды. Мал жайлауда жайылды. Балалар доп ойнады. Үсен мәшинені жуды. Суреттерді кара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Суреттерді ата. С дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Ойнай отырып оқимыз Міндеті: Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» (Педагог суреттерді көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыздар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), эткеншек(ә), өрмекші(ө) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Дауыссыз дыбыстарға сөздер: пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), кант (к) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Балалардың жауаптары тыңдалады. – Иә, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру</p> <p>«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» дидактикалық жаттығуы – Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рақат, рауғаш, ару, Ардақ т.б.); -ә- (әтеш, эткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп т.б.); -м- (мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр т.б.). Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға «кесе» сөзінің дыбыстық</p>	<p>Көркем әдебиет Торғайлар қуанышы Міндеті: - Торғайлар туралы түсінігін кеңейту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу</p> <p>-Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? – Қыста ауа райы қандай болады? Бүгін ауа райы қандай? Педагог жұмбақ жасырады: Қанаты бар талмаған, Аспанда ұшып самғаған. (Құс) – Қандай құстарды білесіңдер? – Қыста ұшып жүретін құстарды көрдіңдер ме? – Торғай қандай құс? (Момын, кішкентай) – Торғай пайдалы құс, ол зиянкес құрттар мен дөңдерді, нан кикымын жейді. Торғайдың қанатының астындағы мамық жүндері қыста қалыңдайды, сондықтан олар суыққа тоңбайды, төзімді болады. – Бүгін біз торғай туралы ақын Мұбарак Жаманбалиновтың «Торғайлар қуанышы» өлеңімен танысамыз Сөздік жұмысы: қашықтан – алыстан шоқып-шоқып – торғайдың тамақ жеуі Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Балалар торғайларға не шашты? – Торғайлар тамақты қалай жеді? – Торғай сөзіне сөйлем құра. Тіл ұстарту жаттығуы: Ос-ос-ос – құстар бізге дос. Үс-үс-үс – ұшып кетті</p>

		соныңда болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя	Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды. «Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы – Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: дос, бейбітшілік	сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өз дыбыстық талдауларын тексереді. Кесе сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Кесе сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар.	құс.
--	--	--	---	--	------

«Үнемді тұтыну»- **Максаты:** Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу



Жуынуға кем дегенде 3 минут кетеді. Осы уақыт ішінде қрандағы қанша су бостан - босқа ағып кететініне назар салыңыз. Тіс шайғанда, қранды тыйып қойыңыз. Керек кезде ғана, қранды ағытып тұруға үйреніңіз. Қраныңыз бұзыла бастаса, дереу жөндетуге асығыңыз. Себебі, қран бұзылғанда, көп су текке ағып кетеді. Түнде жатарда бөлмелерді аралап, жарықтың сөнгенін қадағалаңыз. Жарықты жағып қойып, ұйықтап кететін кездер әлбетте, аз емес. Міне, дәл осы сәттер қалтаңызды жаймен жұқарта береді. Сондай - ақ, қуат көзін керек ететін заттарды пайдаланғанда да, мұқият болыңыз. Мысалы, үтіктеп отырғанда, телефон шырылдаса, үтікті суырып барып, телефонға жүгіріңіз



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

		<p>Математика негіздері Апта күндері Міндеті: Апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету. Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру</p> <p>«Апталар» қозғалыс дидактикалық ойыны. 1-ден 7-ге дейінгі сандар (қиылған материал №3 парақ) араластырылып, педагогтің</p>	<p>Математика негіздері Жыл мезгілдері Міндеті Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту</p> <p>Сыртта суық, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Адамдар көгіністер мен жемістерді жинайды. – Бұл қашан болады?</p>	<p>Математика негіздері Жыл мезгілдері Міндеті Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту</p> <p>«Бұл қай мезгіл?» ойындық жаттығуы. Педагог суреттерден (жыл</p>	<p>Қоршаған орта Қазақстанның байлықтары мен жетістіктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері (кір.16.12) Міндеті Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Суреттер арқылы еліміздің</p>
--	--	--	---	---	--

		<p>үстеліне төмен қаратып қойылады. Балаларкез келген карточканы таңдайды, цифрға сәйкес ретпен қояды. Олар апта күндеріне айналады. Сол жақтағы бірінші бала алға қадам жасайды: «Мен – Дүйсенбімін. Келесі күн қандай?» деп сұрайды. Ойынға қатыспайтын балалар «Апта күндеріне» түрлі тапсырмалар береді: «Ересектер жұмысқа баратын апта күндерін ата. Барлық демалыс күндерді ата.» Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер. Сен жексенбі күні не істегенінді, дүйсенбі күні не істегенінді есіңе түсір. Педагог апта күндерінің жүйесін сақтап айтқан балаларды көтермелеп, ынталандырады. Жарыс ұйымдастырады: аптаның күндерін кім дұрыс айтады және балаларды дөңгелекшелермен марапаттайды. 2-тапсырма. Тыңда және сызып қос. Дүйсенбіде күн ашық болды. Сәрсенбіде қатты жел соқты. Бейсенбі күні бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбі күні жанбыр жауды. Тапсырма орындалуын талқылайды, сол жақтағы цифрлар бойынша аптаның күндерін басшылыққа алады, табиғи құбылыстар мен суреттерді сәйкестендіреді.</p>	<p>(Күзде.) – Қар жауады, күн аязды. Қар борпылдақ болған кезде, одан қарлы кесектерді мүсіндеуге болады. Су қоймаларына мұз қатады. – Бұл қашан болады? (Қыста.) – Жылынып, қар еріп, ағын сулар ағып жатыр. Гүлдер, шөптер өседі, ағаштар мен бұталарда жапырақтар гүлдейді. Құстар жылы жақтан оралады. Олар ән айтады, ұя салады. – Бұл қай мезгілде болады? (Көктемде.) – Күн жарқырайды, күн ыстық болады. Адамдар су айдындарында шомылады. Ұяларда балапандар пайда болады. – Бұл қашан болады? (Жазда.) Балалар жұмбақтарды шешеді, жыл мезгілдерін атайды және өз жауаптарын түсіндіреді, суретті карточкаларды көрсетеді Ойын сәті. «Қуыршақты киіндір!» Үлестірмелі материалдар (№29, №30 парақтар). Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді. Балалар жыл мезгілін атайды және қуыршаққа қандай киім кию керек екенін айтады. Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сәйкес киіндіруді ұсынады</p>	<p>мезгілдерін) көрсетеді, балалар оларды атайды. (Үлестірмелі материалдар, №25, №26, №27, №28 парақтар). «Мен бастаймын, жалғастыр!» ойындық жаттығуы. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз. Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең. Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Балаларға құрастыруға осындай тапсырмаларды беруге болады. 2-тапсырма. Жыл мезгілдерінің айларын ата. «Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?» – сұрағына жауап береді (4). Педагог ай атауларын дұрыс ретпен айтқан балаларды қолпаштап, көтермелейді. Жарыс ұйымдастырады: «Ай атауларын кім дұрыс атайды?» Балаларды дөңгелекшелермен ынталандырады.</p>	<p>рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу</p> <p>– Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Біздің жеріміз – кең-байтақ Қазақстан. Бүгін біз еліміздің байлықтары мен жетістіктері туралы әңгімелесеміз. Интербелсенді тактадан пайдалы қазбалардың туралы бейнебаян көрсетіледі. Пайдалы қазба – жер астынан қазылып алынатын кен. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, оның байлығын халқымыз пайдаланады. Қазақстанның жер қойнауы қазба байлықтарға толы. Жерімізде алтын, күміс, темір, көмір, мыс, мұнайдың мол қоры бар. Қазақстанның басты байлығы – мұнай. Ол Атырау өңірі, Каспий теңізінен алынады. – Алтын, күміс, темір, көмір, мыс, мұнайды бір сөзбен қалай атаймыз? – Пайдалы қазбалар. – Оларды іздейтін адамдардың мамандығы «геолог» деп аталады. Балалар хормен қайталайды. Педагог балаларды әртүрлі тас, құм т.б. тұрған үстелге шақырып, оларды сипаттауларын өтінеді. – Қара, жылтыр, қатты. – Көмір бізге не үшін қажет? – Отқа жағып, үйді жылыту үшін. – Көмірді тағы қайда қолданатынын білеміз бе? – Өнеркәсіпте пластиктерді, бояғыштарды, дәрілік препараттарды өндіру үшін көмір қолданылады. Мына зат қалай аталады? Оны сипаттаңдар. – Темір. Қара, қатты, ауыр. Осылайша құм, тұз, борды сипаттайды, оларды қайда</p>
--	--	--	--	---	--

қолданығынын айтады. – Балалар, мына ыдыстағы нәрсе не екен? – Бұл – мұнай. – Иісі қандай? – Бейзиннің иісі шығалы, сұйық, қоймалжың.

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Еркесылқым» күйі
Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі
 Мамандықтың бәрі жақсы
 Жақсы өнеге (кір.16.12)
Міндеті - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).(кір.16.12)
 Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту

-Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.
 1-жағдаят:
 Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.
 – Досынның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасын?
 Балалар жауап береді.
 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.
 – Егер байқамай досынды

Сөйлеуді дамыту
 Қыс
 Қыс (кір.16.12)
Міндеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту (кіріктірілген 16.12)
 -Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау

Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, акын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған акын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне

Көркем әдебиет
 Жыл басына таласқан жануарлар
Міндеті: - Жануарлар туралы білімін кеңейту. Ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу

– Балалар, ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? – Қандай ертегі білесіңдер? (Слайдтан ертегілер көрсетіледі). – Балалар, жыл басы болуға таласқан жануарлар туралы ертегіні ұнтаспадан тыңдаймыз. Ерте заманда жануарлар жыл басы болуға таласыпты. Ертегіден көрініс көрсету (жылқы, түйе, сиыр, қой, тауық, ит, тышқан). Балаларға ертегінің мазмұнын оқып беру

Шығармашылық бейнелеу әрекеті
 Мерекелік отшашу
Міндеті: – Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалау – Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау -Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару
 -Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру

Топтық жұмыс

ренжітіп алсаң, оған не айтасың?
 – Мен кешірім сұраймын.
 – «Кешір» деген сөзді айтамын.
 – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды

арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз.
 Тақтаға демонстрациялық материалды ілу.
Қыс
 Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
 Соқыр, мылқау, танымас тірі
 жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі
 суық, Басқан жері сықырлап,
 келіп қалды.

-Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?
 -Иә, балалар, Абай ағамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға тенең отыр.
 -Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай ағамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген.
 -Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?
 -Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?
 -Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?
 -Иә, дұрыс айтасыңдар.

(соныңдағы қосымшадан қараныз). Ертегі мазмұнындағы жануарлар туралы түсінік беріледі.
 Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегі қалай басталады? – Жылдың басы болуға қандай жануарлар таласты? – Жылқы не айтты? Түйе не делі? – Ал сиыр не айтты? Момақан қой не делі? – Ит не делі? Өтеш не айтты? Тышқан не айтты? – Түйе неге жыл басы бола алмады?
 Дидактикалық ойын: «Қара да есінде сақта» (баланың есте сақтау қабілетін дамыту)
 Шарты: ертегідегі жануарлардың суреттері көрсетіледі. Бала кейіпкерлерді рет ретімен атап шығады. Қимылын, жүрісін, дауысын бейнелейді.

Қауіпсіздік сабағы : «МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»
Мақсаты: балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.

Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: **1-кеңес.** Орнындақал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. **2-кеңес.** «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара. **3-кеңес.** Егер телефон болса, ата-анана қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналадағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер ананның/әкесінің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт. **4-кеңес.** Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра. **5-кеңес.** Бейтаныс адамдарға еріп кетпе Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орнында қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау: Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау.

Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/8rz3wsHhc0Y?si=ZHH-0Nn_TgQAIb91
<https://orken-institutv.kz/ru/telefonv-gorvachih-linij>



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
--	--------	----------------	----------------	--------

		<p>Орманда серуендейміз Міндеті: - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (К. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Бір, екі, үш, балалар алды күш Менің достарымның ойыны (кірік.16.12) Міндеті: - - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). (кірік.16.12)</p> <p>Мерген имек ағаш». (3 рет) Аланқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.</p> <p>Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны кима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды.ыруға үйрету</p>	<p>Жаттығу – жеңіс кепілі Міндеті: - Орынында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады</p>	<p>Орманда серуендейміз Міндеті: - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес кимылдарды өзгертуге үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (К. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету				

Серуен		<p>Қырауды бақылау Максаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.</p> <p>Болжам: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.</p> <p>Жұмбақ: Қант сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. (қар) Қимылды ойын: «Суықторғайлар» Максаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</p>	<p>Мұз сүнгісін бақылау Максаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</p> <p>Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? (Сәбіз сияқты) Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде көленке жақта ма? Такпак : Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Максаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Еңбек: «Мұз жерлерге құм себу»</p>	<p>Қайын ағашын бақылау Максаты: қайын ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады. Такпак: Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсан көленкесіне алады. Қыста жақсан, жаның рахат табады. (Ағаш) Қимылды ойын: «Апандағы аю» Максаты: зеректікке, ептілікке баулу. Еңбек: қайын ағашының түбіне қар жинау.</p>	<p>Терезедегі өрнектерді бақылау Максаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Такпак: Бір топ бала сырғанап, Баралы әне жарысып. Қалды артта атырап Іздерінен қар ұшып Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Максаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.</p>
Серуеннен оралу	Киімдерін реттілікпен шешеу.	Өз-өзіне қызмет ету			
Балалармен жеке жұмыс		<p>Сюжетті ойын: «Шаштараз» Максаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. Алтай Асылым</p>	<p>«Тәулік бөліктері» Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.</p>	<p>«Оң және сол» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	<p>Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр» Максаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Өзденбай Балым Болатбекқызы</p>

		Қайратқызы	Көшербай Адия Нұрланқызы	Қанат Бакдәулет Бақытжанұлы	
Балалардың іс- әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қиын, бейнелеу, дербес және басқалары)*		«Құстарға арналған жемсалғыш» Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды және құстарға қамқор болуды үйрету.	«Пішіндер мен алақан» Мақсаты: нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету .	«Түстер» Мақсаты: түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту.	«Қандай дыбыс шығарады?» Мақсаты: суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут				
	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				
	 <p>БАЛАҢЫЗДЫҢ ҚАЗІПТІ ӘРЕКЕТТЕРГЕ, САЙТТАРҒА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАРТЫЛҒАНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ШАРАЛАР ҚАБҰЛДАУҒА ТЫРЫСЫҢЫЗ</p>  	 <p>БАЛАҢЫҢ ҚАЗІПСЕЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚИ КҮМӘНДЕР ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДІ, ӨЗ АРАҢДАУШЫЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ АШЫҚ АЙТЫП, БАЛАҢЫЗДЫ ӨЗ ҚАЗІПТЕРІҢІЗДІ ҚАБҰЛДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ ДИАЛОГ ЖҮРГІЗГІТЕ ШАҚЫРЫҢЫЗ</p>  	<p>ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ</p> <p>Бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның ұлғасы мен с-әрекеттерін сынамудан аулақ болуға дағдыланыңыз. Бастысы – балаңызды мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе оның шешімі тиісуіне қолдау көрсетіңіз</p>   		

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 4 -апта 23 -27 желтоқсан 2024-2025 оқу жылы

«Бір тұтастарбие» Бірлік және ынтымақ айы

«Апта дәйексөздері» «Ынтымақ - бұзылмайтын қорған»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.12	Сейсенбі 24.12	Сәрсенбі 25.12	Бейсенбі 26.12	Жұма 27.12
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Үннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертенгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға керекті құрал – жабдыктарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Котермек 	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ақ серек пен көк серек 	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Омпы 		

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</p>	<p>Менің Қазақстаным ҚР гимні Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру</p>	<p>Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету</p>	<p>«Кір-кожалак қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің кимыл мәнерлілігін дамыту</p>	<p>«Дені сау болу – бұл онай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру</p>	<p>«Көңілді бояулар» Мақсаты: Суреттерді бояу Балаларға қарымдаштық оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>					
	<p>Сөйлеуді дамыту Ажарлы қыс Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау. –Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды. Демонстрациялық материал. –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрандар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс" деп атасыз кәйтесіздер</p>	<p>Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік, нені білдік? Міндеті: Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Дауысты сөзден баста» Педагог қойған сұрақтарға балалар дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек. 1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) 2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б. Ойын-жаттығуы: «Сөз таңда» Педагог мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік, нені білдік? Міндеті: Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда» (Педагог тақтаға алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын іледі. – Сөздегі дыбыстарды анықтандар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті? Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен саластырады. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап» –Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен) –Балалар, мен сендерге допты лақтырып, сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз т.б. Дидактикалық ойын: «Буынға бөл» –Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атауын шапалақпен буынға бөліңдер.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Біз сөйлем құрай аламыз Міндеті: Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру</p> <p>Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта» – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Жыл мезгілдерін ата. Қазір жылдың қай мезгілі? Күз, қыс, көктем, жаз сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Суреттерді ата. Буынға бөл. 3. Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға</p>	<p>Көркем әдебиет Жаңа жыл келді Міндеті: Өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу. Көркем сөзге қызығушылығын жетілдіру. Тағулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу</p> <p>Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Балалар, жақында қандай мерекені қарсы аламыз? – Қандай мереке шыршасыз өтпейді? Шырша қайда өседі? – Қазір жылдың қай мезгілі? Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін біз ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді Сөздік жұмысы: жылдыстап – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлең не туралы? – Жаңа жылда балалар не істейді? Жаңа жылда бізге кім келеді? – Аязата мен Ақшақарды сипаттап бер. Тіл ұстарту жаттығуы: Ша-ша-ша – жап-жасыл шырша.</p>

<p>ме?» – деп сұрады. –Балалар "ажарлы" – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды</p>	<p>Балалар суреттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. Мақал – сөздің мәйегі. 1) Оқу ... құдық қазғандай. и-не, кү-рек, қа-сық. 2) Ата көрген ... жонар оқ, оқ-тау, ер. 3) Ана көрген ... пішер. жей-де, тон, көй-лек. 4) Асықпаған арбамен . . . алады. түл-кі, қо-ян, а-ю.</p>	<p>Мысалы: жа-пы-рак, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы т.б.</p>	<p>«жаз» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды</p>
---	--	--	--

«Үнемді тұтыну»- Тамақ сатып алғанда... . Мақсаты: балалардың үнем туралы түсініктерін кеңейту

 	<p>Тамақ сатып алғанда... Зерттеушілердің айтуынша, әлемдегі адамдардың басым көпшілігі тамақты тоңазытқышқа сақтап қойып, кейін оны пайдаланбай - ақ, лақтыра салады екен. Пайдасыз болып қалған соң, лақтырмағанда қайтсін?! Яғни, көп тамақ сатып алған соң, азық таусылғанша сақталып тұрған тамақтар жеуге жарамсыз болып қалады. Мысалы, қарапайым картопты көп етіп алсаңыз, мөшектің астында қалып қойған картоптар күн өткен сайын шірі береді. Кейін оны пайдаланбай - ақ, лақтыруға тура келеді. Сондықтан, тамақ сатып алғанда өте ұқыпты болыңыз.</p> 	
---	---	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Жер – біздің ортақ үйіміз Міндеті: Жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру Проблемалық сұрақ: – Балалар,</p>	<p>Математика негіздері «Алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» Міндеті: Оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін»,</p>	<p>Математика негіздері «Алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» Міндеті: Оқиғалар тізбегін «алдымен – содан</p>	<p>Математика негіздері 10 көлемінде тура және кері санау Міндеті: 10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, оқиғалар</p>	<p>Қоршаған орта Қардың пайдасы Міндеті: Қардың түзілуі жайлы жалпы мәлімет беру. Жұмбақ жасырады:</p>
---	--	--	---	---

<p>аламдар табиғатсыз өмір сүре ала ма? – Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. ауа, Күн, суусыз тіршілік жоқ. Адам тіршілігі үшін қажетті заттардың бәрін табиғаттан алынады. Сондықтан Жер ғаламшары – бәріміздің ортақ үйіміз. – Жердің пішіні қандай? – Дөңгелек. Педагог беті шүберекпен жабылған затты үстелге қояды, жұмбақ жасырады. Домалақ тұрқы, «Білсін» деп жұрты Көк түс көп, сырты. Кішірейткен сиқы. (Глобус) Балалар глобусты ұстап, айналыдырып көреді, түрі, пішіні туралы әңгімелеседі. – Глобус – Жердің кішірейтілген моделі. 1-слайд. Жердің сыртқы бейнесін көру үшін, адамдар оның кішірейтілген моделі – глобусты жасады. Неге ғарыштан Жер көгілдір болып көрінеді? – Су көп болғандықтан. – Жерде су көп пе, құрылық көп пе? – Су көп. – Ғарыштан түсірілген жерде көк түс көп, бұлар – мұхит, теңіз, өзен, көл, қоңыр түс – құрлықтар, ақ түс – бұлт. 2-слайд. Жер өз осінен айналады және Күнді айналады. Күнге қараған жағы – күндіз, көлеңке жағы түн болады. Педагог балаларды түнгі шам және глобус тұрған үстелге шақырады. Шам Күнді бейнелейді. Шамды жағып балаға глобусты ақырын айналдыруды сұрайды. – Глобуска шам жарығы түскен түскен беті қандай болды? – Жарық. Бұл жердегі күндізгі уақыт. Ал жарық түспеген жағы қандай болды? – Көлеңке. Бұл жердің түнгі уақыты болады. Ойын «Күн мен Жер».</p>	<p>«болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету</p> <p>«Рет бойынша қой» ойын жаттығуы. – Балалар, қарандаршы, барлық карточкалар араласып кетті. Оларды ретімен орналастыруға көмектесіңдер. Үлестірмелі материалмен жұмыс (№23-24 парақтар). – Суреттерді кара, «алдымен» не болды, «содан кейін» неге айналды? Балалар суреттерді орналастырады және «алдымен», «содан кейін» сөздерін қолданып жауапты түсіндіреді. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды. Педагог нан жасап шығарудың қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Нанды жасап шығару үшін жұмыс жасайтын адамдардың еңбегін бағалау туралы тәрбиелік әңгіме жүргізеді. Содан кейін балалар оқиғалардың дұрыс реттілігін қалыптастырады, педагог балаларды «алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек», сөздерін қолдануға итермелейді. 2-тапсырма. Суретке қарап, алдымен, содан кейін не болатынын айт. Алдымен не болғанын белгіле. Балалар суреттерді түсіндіреді, «алдымен – кейін», «ертерек – кейінірек», «бұрын – кейін» деген сөздерді қолданады.</p>	<p>кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс (№23 парақ). Балалар карточкаларды қарап, оларды ретімен қойып орналастырады, «алдымен – кейін» сөздерін қолдана отырып, өз әрекеттерін түсіндіреді. Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Карточкалармен алдыңғы жұмыс негізінде балалар өз бетімен орындайды. 2-тапсырма. Сурет бойынша бұрын не болғанын, кейін не болғанын айт. Суреттерді цифрлармен ретіне қарай сызып қос. Одан соң педагог «Алдымен – содан кейін» ойын жаттығуын ойнатады. Ойын үшін карточкаларды (№24 парақтар) немесе басқа суреттерді пайдалануға болады: Құрт – көбелек; жидек – тосап; тұқым – өсімдік; көгөніс – тамақ; ұлпа – қар, аққала; бұтақтағы гүл – піскен алма және т. б. Әрі қарай «Не болды, не болады?» тақырыбында әңгімелесу жүреді. Балаларға бірнеше</p>	<p>тізбегін ретімен дұрыс атауға үйрету</p> <p>Балаларды вагон болуға шақырады. Он бала бір-бірінің артынан тұрып, пойыздың қозғалысын жасайды. Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі цифрды бар карточкалар беріледі. Педагог қалған балаларға вагондарды тікелей және кері тәртіпте 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады.</p> <p>Үлестірмелі материалдардан жасалған вагондарды: №16 парақты есепті тура және кері тәртіпте санау үшін қолдануға болады. Педагог вагондардың нөмірленуін кері тәртіпте өзгертеді және балалармен бірге оңнан солға қарай санайды. Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Суретке қара. Қандай вагондардың нөмірі жоқ? Оларды ата. Сурет бойынша балалар тура және кері бағытта санайды. Карточкалармен жұмыс. Тақтада немесе үстелдерде балалар 1-ден 10-ға дейінгі сандық қатарды орналастыруы керек. Тура және кері тәртіпте сана. «Аққаланы санаймыз» жұптық жұмыс жүргізіледі, балалар аққалаларды үстелдерге қояды, біреуі тура санаса, екіншісі кері санау жүргізеді, содан кейін балалар өз орындарымен</p>	<p>Аппак, бірақ сүт емес. Аспаннан ол түседі. Аппак, бірақ бор емес. Даланы ақпен жабады. (Қар) – Балалар, сендерге қар жауған ұнай ма? – Қар қалай жауады? – Түйіршіктеліп, жапалақтап, қалықтап, мұздақтап т.с.с. – Біз қардың қалай түзілетіні жайлы әңгімелесеміз. Интербелсенді тактадан қардың түзілуі жайлы бейнебаян көрсетіледі. Теңіз, мұхит, өзен, көлдегі су буланады. Бу түрінде судың ұсақ бөлшектері аспанға жоғары көтеріледі, бу салқындап, бір-бірімен қосылып, қар түйіршіктерін түзетін шағын кристалдарға айналады. Қар бұршіктері бұлттарға жиналады, олар көбейіп, толып кетеді, ауырлағанына қарай, ақырын жерге түседі. Қар түйіршіктері – кристалдар, бу бұлтқа түскен бойда олар бірден жеңіл, нәзік қар түйіршіктеріне айналады. Жерге құлаған кезде қар түйіршіктері бір-біріне жабысып, қатты аяз болмаса, үлпек қар түзеді. Жерге аппак, жеңіл, жарқыраған қар басады. Балалар, таңертең бақшаға келе батпаққа, қардың қандай қасиеттерін байқайсындар? – Қарды басқанда, сықырлайды, қар жылтырайды, ұсақ бөлшектері көз қарықтырып жылтырайды, жарқырайды. – Қардың қандай түрлері болады? – Дымқыл, құрғақ, үлпідек. – Қандай қардан аққала жақсы соғылады? – Дымқыл қардан, өйткені дымқыл қар жабысқақ, аққала соғу оңайға соғалы. –</p>
---	---	--	---	--

			карточкалар беріледі, мысалы, тұқым – өскін – күнбағыс. Педагог «өскіннің» суретін көрсетеді. Суреттер сериясына ұқсас: бидай, ұн, нан. – Бұған дейін не болды? (Тұқым), содан кейін не болады? (Үлкен өсімдік, гүл).	ауысады. Қолданатын тәсіл: бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады.	Қардың көп жауғаны жақсы ма?
--	--	--	---	--	------------------------------

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Балқаймақ»

Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тындап, тани білуге ынтасын дамыту



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қазақ тілі Жақсы өнеге Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» – Такпақтарды тындап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенін базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек?</p>	<p>Қазақ тілі Жақсы өнеге Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p>Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Ойын «Сұраққа жауап бер». – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем,</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Ажарлы қыс Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.</p> <p>«Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек</p>	<p>Көркем әдебиет Орман емшілері Міндеті: Әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Педагог аудиожазбадан құстардың дыбысын тыңдатады. – Балалар, ненің даусын естіп тұрмыз? – Құстар қандай болады? Қандай құстарды білесіңдер? – Балалар, мынау ненің суреті? (Слайдтан сурет көрсету, әңгімелеу). – Орманда қандай</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Жаңа жыл мерекесі Міндеті: Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру - Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру - Бейнені кескіні бойынша кино үшін қайшыны қолдану - Бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады</p>
--	--	---	---	---

	<p>«Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды. Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетінде, Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың. Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.</p>	<p>кешірім сұраймын.</p>		<p>құстар өмір сүреді? Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағаштың қабығы астындағы құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны орман дәрігері деп атайды. Тоқылдақтың тесіп, ойып кеткен ұясын басқа құстар мекен етеді. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы қазақстандық жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді. Сөздік жұмысы: жыртқыш құс – ұсақ құстарды аулап қоректенетін құс ағаштың діні – ағаштың ең негізгі бөлігі Сұрақ-жауап: – Әңгіме не туралы? . Авторы кім? – Тоқылдақ ағашта не істеді? Ағаштың қабығынан не төгілді? – Орман шымшықтары тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? – Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? – Құстар сөзіне сөйлем құра</p>	<p>Топтық жұмыс</p>
<p align="center">Қауіпсіздік сабағы «ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ» Максаты: тәрбиеленушілерге төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауды және қажет болған жағдайда дұрыс пайдалануды үйрету</p>					



Пайдалы сілтемелер:

<https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij>

<https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/csp-material/poleznye-materialy-csp>

https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7IWQuIA-hK_6ODD&index=12

Сюжеттік-рольдік ойын:

Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қонырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Өртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қонырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек. Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе такпак (рифма) ойластыру.

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Жаттығу – жеңіс кепілі Міндеті: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау</p> <p>I.«Қарда жүргіш мәши»: бір тізбекпен жүреді. «Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен коян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел». •Қолды төмен түсіріп, аяқты алшак қойып, мұрынмен дем алу. •Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару. •Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру).</p>	<p>Музыка Қысқы әуен сыңғырлайды Міндеті: - Би кимылдарын: қосалқы және ауыспалы кадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Дене шынықтыру Ойын ойнап өсеміз Міндеті: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру</p> <p>Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне келергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p>	<p>Дене шынықтыру Ойын ойнап өсеміз Міндеті: Түзу бағытта адымдап жүру</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (3 рет) Ойын шартын естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секендеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді. «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.</p>	<p>Музыка Қысқы әуен сыңғырлайды Міндеті: - Музыкаға сәйкес орындалатын би кимылдарын білу</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
--	--	--	---	--	---

Серуенге дайындык

Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p>Серуен</p>	<p>Желді бакылау Максаты: желдің бағытын қалай, нелераркылы анықтауға болатындығын, баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру Сұрақ: - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жанбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: «Өткеншек» Максаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.</p> <p>(Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Аула сыпырушы еңбегімен танысу Максаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Такпак: Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты. Қимылды ойын: «Сауықшылар» (қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қантар айы болды, күн суыпты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу</p> <p>(Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Мұз сүңгісін бакылау. Максаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнге жакта ма, әлде терістік жакта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «» Үйсіз қалған қоян Максаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p> <p>(Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Қайың ағашын бакылау. (Қиялдау) Максаты: қайың ағашының қысқы көркін бакылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Максаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаңың рахат табады.</p> <p>Ағаш (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Желді бакылау Максаты: желдің бағытын қалай, нелераркылы анықтауға болатындығын, баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру Сұрақ: - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жанбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: «Өткеншек» Максаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.</p> <p>(Экологиялық мәдениет)</p>
----------------------	---	---	---	--	---

Серуеннен оралу	Балалар ретімен шешіну. Өз-өзіне қызмет ету.				
Балалармен жеке жұмыс	Болғанбек Инжу Мұхамеджанқызы отбасы мүшелері туралы сұраққа жауап алу. Мақсаты: Инжуді әңгіме айтуға жетелеу.	Қанат Бақдәулет Бақытжанұлы суреттегі заттарды атату: Мақсаты: Бақдәулетке заттардың атын ататып, сөздерді анық айтуға үйрету.	Ілескен ШахмұхаммедМадиярұлы балалардың аттарын айтқызып ойнау. Мақсаты: Есте сақтауын дамыту.	Көшербай Адия Нұрланқызы Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Өз ойын толық жеткізіп айтуға жетелеу.	Сембек Кәусар Серікқызы Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.
Балалардың іс- әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, киім, бейнелеу, дербес және басқалары)*	«Лото» дидактикалық ойыны Мақсаты: үлгі бойынша бірдей пәндерді тауып, оларды айту	«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	«Маймылдар» ойыны Мақсаты: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Өнегелі 15 минут Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.